

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 558 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 541 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 541 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 159-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қазақстан Республикасының*
К.Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 8 с ә у і р д е г і
№ 5 5 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4

желтоқсандағы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 159-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың (бұдан әрі – бюджеттік инвестициялар) іске асырылуына бағалау жүргізу тәртібін анықтайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) бюджеттік инвестицияларды бағалау – мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі мен іс жүзінде алынған нәтижелердің мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген стратегиялық даму құжаттарында жоспарланғанмен сәйкестігін анықтау бойынша шаралар жиынтығы;

2) іс-шара – бюджеттік инвестициялар шеңберінде орындалатын және бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесінде көзделетін міндеттерді орындауға бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар кешені;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – стратегиялық және экономикалық жоспарлау, бюджет саясатын тұжырымдау мен қалыптастыру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын атқарушы орган;

5) есепті кезең – күнтізбелік жылдың іс-шара бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылған 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезең;

6) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен аффилиирленген болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар;

7) заңды тұлғалардың стратегиялық даму құжаттары – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялардың 10 жылға арналған даму стратегиялары мен 5 жылға арналған даму жоспарлары, сондай-ақ мемлекеттік сектордың өзге де субъектілері қызметінің қаржы-шаруашылық жоспарлары;

8) тікелей нәтиже - қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық

байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы;

9) түпкілікті нәтиже - белгілі бір мемлекеттік орган қызметінің, басқа да мемлекеттік органдар қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізумен ұштасатын, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының, әлеуметтік саланың, экономиканың, қоғамдық қауіпсіздіктің және мемлекеттік басқарудың басқа да салаларының мақсатты жай-күйі (жай-күйінің өзгерісі);

10) алушы – жарғылық капиталды ұлғайту немесе қалыптастыру үшін қаражатты түпкілікті алушы болып табылатын, инвестициялар есебінен іс-шараларды іске асыратын заңды тұлға.

2. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалауды жүргізу тәртібі

4. Бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалау заңды тұлға бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырған, қаржылық-экономикалық негіздемесінде көзделген іс-шараларды аяқтау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады және мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі мен іс жүзінде алынған нәтижелердің жоспарлағанға сәйкестігін анықтау бойынша шаралар кешенін қ а м т и д ы .

5. Бюджеттік инвестициялардың есебінен іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін анықтау бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалауды жүзеге асырудың мақсаты болып табылады.

6. Бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылған іс-шараларды іске асыру тиімділігі мынадай критерийлермен анықталады:

1) бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемелерінде белгіленген көрсеткіштердің орындалу деңгейі (K1). Бұл – өлшемді бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылған әрбір іс-шара үшін, жеке заңды тұлға үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі және бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісі үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды. Өлшемді есептеу:

$$K1 = K_n / K_{ж} * 100, (1)$$

формуласы бойынша жүзеге асырылады, мұнда:

K_n – көрсеткіштің іс жүзіндегі мәні;

$K_{ж}$ – бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесінде белгіленген мәні;

2) іс жүзінде қол жеткізілген нәтижелердің бюджеттік инвестициялардың

қаржы-экономикалық негіздемесінде белгіленген көрсеткіштерден абсолюттік ауытқуы (K2). Бұл өлшемді бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылған әрбір іс-шара үшін жеке заңды тұлға үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі және бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісі үшін уәкілетті орган айқындайды. Өлшемді есептеу:

$$K2 = K_n - K_{ж}, (2)$$

формуласы бойынша жүзеге асырылады;

3) іс жүзінде қол жеткізілген нәтижелердің бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесінде белгіленген көрсеткіштерден салыстырмалы ауытқуы (K3). Бұл өлшемді бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылған әрбір іс-шара үшін жеке заңды тұлға үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі және бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісі үшін уәкілетті орган айқындайды. Өлшемді есептеу:

$$K3 = K_n / K_{ж}, * 100 - 100, (3)$$

формуласы бойынша жүзеге асырылады.

7. Бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараны іске асыру тиімділігі мынадай:

1) K1 өлшемінің 100%-на тең немесе одан асатын мәндерімен және K2, K3 өлшемдерінің оң мәндерімен;

2) K1 өлшемінің 100%-нан аспайтын мәндерімен және K2, K3 өлшемдерінің теріс мәндерімен сипатталады. Бұл ретте есепті мәндердің қабылданғаннан елеулі (10 пайыздан астам) теріс бағытталған ауытқуы бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараны іске асыру тиімділігінің төмен дәрежесі туралы куәландырады.

8. Бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалау:

1) республикалық немесе жергілікті бюджеттен тартылған бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылған іс-шаралар туралы ақпарат жинауды;

2) заңды тұлғаның бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылған іс-шараларының нақты қол жеткізілген тікелей нәтижелерінің (сан көрсеткіштерін), түпкі нәтижелерінің (нәтиже көрсеткіштерін) сапа көрсеткіштері мен тиімділік көрсеткіштерін және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген стратегиялық даму құжаттарында жоспарланған және (немесе) мемлекеттік органдардың мемлекеттік бағдарламаларында және (немесе) стратегиялық жоспарларында бекітілген сомалар шегіндегі түпкілікті көрсеткіштермен салыстыру жолымен әрбір уақыт аралығында қол жеткізілген іске асыру мен шығындар көлемін, сондай-ақ қол жеткізілмеу себептерін талдауды;

3) жетекшілік етілетін саланың дамуына бюджеттік инвестициялардың іске асырылуының ықпалын бағалауды (бұл ретте, бағалау нәтижелер

көрсеткіштерінің және тиімділік көрсеткіштерінің өлшемдері бойынша жүзеге асырылады);

4) бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалау нәтижелері туралы есеп дайындауды көздейді.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесінде жоспарланған көрсеткіштермен салыстырғанда есепті жылда іс жүзінде орындалған сандық көрсеткіштермен анықталады.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері қол жеткізілген тікелей нәтиженің мемлекеттік орган жетекшілік ететін бюджеттік бағдарламасы мен саланың (аяның, өңірдің) мақсаттарына қол жеткізуіне әсер ету деңгейін (дәрежесін) көздейді.

Түпкілікті нәтижені анықтау кезінде бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараларды іске асырумен байланысты саладағы жағдайдың өзгерісін көрсету қажет.

Сапа көрсеткіштері көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің оны алушылардың талабына және мемлекеттік қызметтер стандартына сәйкестік дәрежесін көрсетеді.

Тиімділік көрсеткіштері бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізуді немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей нәтижеге қол жеткізуді көрсетеді.

9. Бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісі және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-6-қосымшаларға сәйкес нысандары бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей жылына бір рет ұсынады.

10. Бюджеттік инвестицияларды іске асыруды бағалау жөніндегі ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылатын тиісті орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

11. Жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестицияларды, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен қаржыландыру жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды бағалау жөніндегі ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

12. Бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартады.

13. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалау бойынша жинақ есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей жылына бір рет ұсынады.

14. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік инвестицияларды бағалау бойынша есептерін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің стратегиялық жоспары бойынша тиісті қорытындыны әзірлеген кезде пайдаланады.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу қағидаларына
1-қосымша

"Бюджеттік бағдарлама" нысаны

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі				
Қаржылық-экономикалық негіздеме	Атауы			
Бюджеттік бағдарлама	Бюджеттік инвестициялар сомасы, мың.теңге			
	Код			
	Атауы			
	Сипаттама			
	Стратегиялық бағыт		Код	
			атауы	
	Мақсат		Код	
			атауы	
Міндет	Код			
	атауы			
Алушы*	ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны атауы			
1-ші қатысушы	ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны атауы			
Қатысушы.....	ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны атауы			
N-қатысушы	ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны атауы*			
Инвестицияларды іске асыру жылы				
Есептік кезең				
Жауапты орындаушы		ТАӘ, байланыс телефондары		

* - әрбір алушы жеке көрсетіледі

Басшы

қолы

Т.А.Ә.

күні

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына
 мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік
 инвестициялардың іске асырылуына бағалау
 жүргізу қағидаларына
 2-қосымша

**"Қаржылық-активтерін сатып алу, жарғылық капиталды ұлғайту"
 нысаны**

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі													
Қаржылық-экономикалық негіздеме		Код											
		Бюджеттік инвестициялар сомасы, мың теңге											
Бюджеттік бағдарлама		Код											
		Атауы											
		Сипаттама											
		Міндет		Код		атауы							
Алушы		ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны											
		атауы											
Есептік кезең													
Жауапты орындаушы													
ТАӘ, байланыс телефондары													
реттік №	Акционерлік қоғам	Акция сатып алынды								Акциялар саны			
		саны, дана		бағасы, мың теңге		құны, мың теңге		қаржы активтерін кіріске алу күні		Барлығы		оның ішінде мемлекеттік меншікте	
		жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1.													
...													
N													
Мәтіндік ақпарат													
реттік №	Серіктестіктер	Төленген қатысу үлесі, мың теңге				Жарғылық капитал көлемінің жиыны, мың теңге				Қаржы активтерін кіріске алу күні		Мемлекеттік меншікте қатысу үлесі, %	
		жоспар		факт		жоспар		факт		жоспар	факт	жоспар	факт
		жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10				
1.													
...													
N													
Мәтіндік ақпарат													

1		бағасы, мың теңге		факт									
		сома, мың теңге		жоспар									
...		саны	өлшем бірлігі	жоспар									
				факт									
		бағасы, мың теңге		жоспар									
		сома, мың теңге		факт									
N		саны	өлшем бірлігі	жоспар									
				факт									
		бағасы, мың теңге		жоспар									
		сома, мың теңге		факт									
Мәтіндік ақпарат													

* - қаржылық активтерден басқа, алынған активтер туралы ақпарат

** - іс-шараның атауы. ҚЭН белгіленген және активтерді алуды көздейтін тараудың саны мен атауы іс-шараның саны мен атауына сәйкес келуі қажет

*** - алынған активтің негізгі техникалық сипаттамасы көрсетіледі, мысалы: двигатель көлемі, қуаты, жүккөтерімділігі, ұзындығы, өнімділігі, ауданы және т.б . Алынған активтердің 7-ден көп емес негізгі техникалық сипаттамасы көрсетіледі

Басшы

қолы

Т.А.Ә.

күні

Заңды

тұлғалардың

жарғылық

капиталына

мемлекеттің

қатысуы

арқылы

бюджеттік

инвестициялардың

іске

асырылуына

бағалау

жүргізу

қағидаларына

4-қосымша

"Нәтиже" нысаны

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі		
Қаржылық-экономикалық негіздеме	Атауы	
	Код	
	Атауы	

Бюджеттік бағдарлама	Сипаттама	
	Міндет	Код атауы
Алушы	ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны	
	атауы	
Есептік кезең		
Жауапты орындаушы		ТАӘ, байланыс телефондары

"Тікелей нәтиже (сан көрсеткіштері)"

реттік №	Атауы	Нысаналы индикатор			
		өлшем бірлігі	есепті кезеңнің алдындағы, осындай кезең	есептік кезең	
				жоспар	факт
1	2	3	4	5	6
1.					
...					
N					
Мәтіндік ақпарат					

"Түпкілікті нәтиже (нәтиже көрсеткіштері)"

реттік №	Атауы	Нысаналы индикатор			
		өлшем бірлігі	есепті кезеңнің алдындағы, осындай кезең	есептік кезең	
				жоспар	факт
1	2	3	4	5	6
1.					
...					
N					
Мәтіндік ақпарат					

"Сапа көрсеткіштері"

реттік №	Атауы	Нысаналы индикатор			
		өлшем бірлігі	есепті кезеңнің алдындағы, осындай кезең	есептік кезең	
				жоспар	факт
1	2	3	4	5	6
1.					
...					
N					
Мәтіндік ақпарат					

Сала бойынша жиыны:										
Білім беру										
Сала бойынша жиыны:										
Денсаулық сақтау										
Сала бойынша жиыны:										
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру										
Сала бойынша жиыны:										
Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық										
Сала бойынша жиыны:										
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік										
Сала бойынша жиыны:										
Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану										
Сала бойынша жиыны:										
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қоршаған ортаны және жануарлар дүни қорғау, жер қатынастары										
Сала бойынша жиыны:										
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі										
Сала бойынша жиыны:										
Көлік және коммуникация										

Сала бойынша жиыны:										
Басқалары										
Сала бойынша жиыны:										
РББӨ және ЖАО бойынша БАРЛЫҒЫ:										
	Басшының Т.А.Ө. қолы									

Басшы _____ қолы _____ Т. А. Ө. _____ күні

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу қағидаларына б-қосымша

20 _____ ЖЫЛҒЫ _____
заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды бағалау жөніндегі АНЫҚТАМА

(РББӨ немесе ЖАО)
Есепті кезеңде жалпы құны _____ мың теңге (жобалардың құны көрсетіледі)
_____ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы (с а н ы)
арқылы бюджеттік инвестициялар жүзеге асырылды.
Жалпы құны _____ мың теңге заңды (жобалардың құны көрсетіледі)
тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар, олардың орындалу деңгейі 100 % - _____ тең . (с а н ы)
немесе одан жоғары

Жалпы құны _____ мың теңге заңды
(жобалардың құны көрсетіледі)
тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік
инвестициялар, олардың орындалу деңгейі 100 % - _____ аспаған,
(с а н ы)
оның ішінде орындалу деңгейі 10 % - төмен _____.
(саны)

Құрылған жұмыс орындарының саны _____ адамды құрайды.

Басшының Т.А.Ә.

Қолы